



Сертификаттау (сәйкестікті бағалау (растау) жөніндегі органдарды және сәйкестікті бағалау (растау) жөніндегі жұмыстарды орындайтын сынақ зертханаларын (орталықтарын) аккредиттеуді өзара тану туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 5 наурыздағы № 178 Қаулысы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұл келісім Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт күшіне енген күнінен бастап қолданылуын тоқтатады - ҚР 14.10.2014 N 240-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 113-баптан қараңыз).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2009 жылғы 11 желтоқсанда Санкт-Петербург қаласында қол қойылған Сертификаттау (сәйкестікті бағалау (растау) жөніндегі органдарды және сәйкестікті бағалау (растау) жөніндегі жұмыстарды орындайтын сынақ зертханаларын (орталықтарын) аккредиттеуді өзара тану туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

5

н а у р ы з д а ғ ы

№

1 7 8

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Сертификаттау (сәйкестікті бағалау (растау) жөніндегі органдарды және сәйкестікті бағалау (растау) жөніндегі жұмыстарды орындайтын сынақ зертханаларын (орталықтарын) аккредиттеуді өзара тану туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар аталатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде кеден одағына (бұдан әрі - кеден одағы) қатысушы мемлекеттердің үкіметтері,

2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы шартты негізге ала отырып,

тауарлардың еркін қозғалысын қамтамасыз ететін бірыңғай принциптерді негізге ала отырып,

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтағы интеграциялық процестерді тереңдету және кеден одағын құру мақсатында,

аккредиттеу саласындағы келісілген саясатты жүргізудің орындылығын тани
о т ы р ы п ,

2008 жылғы 25 қаңтардағы Техникалық реттеу, санитарлық және фитосанитарлық шаралар саласында келісілген саясат жүргізу туралы келісімді басшылыққа ала отырып ,

1994 жылғы 15 сәуірде Марракеш қаласындағы көп жақты сауда келіссөздерінің Уругвай раундының қорытындылары бойынша қабылданған Дүниежүзілік сауда ұйымының Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі келісімінің және Санитарлық және фитосанитарлық шараларды қолдану жөніндегі келісімнің ережелері мен принциптерін назарға ала отырып , төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімде арнайы айқындалмаған терминдер 2008 жылғы 25 қаңтардағы Техникалық реттеу, санитарлық және фитосанитарлық шаралар саласында келісілген саясат жүргізу туралы келісімде белгіленген мәндерде пайдаланылады.

Осы Келісімнің мақсаттары үшін аккредиттеу жүйесі ережелерінің, рәсімдерінің және оған қатысушылардың Тарап мемлекеті белгілеген жиынтығы ұлттық аккредиттеу жүйесі ретінде түсіндіріледі.

2-бап

Т а р а п т а р м ы н а :

Тараптар мемлекеттерінде халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес аккредиттеуді жүзеге асыру үшін ережелер мен рәсімдерге ие ұлттық аккредиттеу жүйесінің жұмыс істеуі ;

Тараптар мемлекеттерінің аккредиттеу жөніндегі органдары қолданылатын рәсімдердің тең мәнділігіне қол жеткізу мақсатында өзара салыстыра бағалауды жүзеге асыру талаптары сақталған жағдайда Тараптар мемлекеттерінің ұлттық аккредиттеу жүйелеріндегі сертификаттау (сәйкестікті бағалау (растау) жөніндегі органдар мен сәйкестікті бағалау (растау) жөніндегі жұмыстарды орындайтын сынақ зертханаларын (орталықтарын) аккредиттеуді өзара таниды.

А к к р е д и т т е у :
е р і к т і л і к ;

аккредиттеу ережелерінің ашықтығы және қол жетімділігі;
аккредиттеуді жүзеге асыратын органдардың құзыреттілігі мен тәуелсіздігі;
аккредиттеуді алуға үміткер өтініш берушілерге бірдей жағдайлардың қамтамасыз

е т і л у і ;

аккредиттеу және сәйкестікті растау жөніндегі қызметті қоса орындауға жол бермеу принциптері негізінде жүзеге асырылады.

3-бап

Тараптар мемлекеттерінде аккредиттеу жөніндегі органдар: ұлттық аккредиттеу жүйелеріндегі аккредиттелген сертификаттау (сәйкестікті бағалау (растау) жөніндегі органдар мен сәйкестікті бағалау (растау) жөніндегі жұмыстарды орындайтын сынақ зертханаларының (орталықтарының) тізілімін жүргізеді ;

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың ақпараттық жүйесіне аккредиттеуге қатысты және 2008 жылғы 12 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың техникалық реттеу, санитарлық және фитосанитарлық шаралар саласындағы ақпараттық жүйесін құру туралы келісімде көзделген мәліметтер мен құжаттарды береді ;

Тараптар мемлекеттерінің аккредиттеу жөніндегі органдарының өкілдеріне қолданылатын рәсімдердің тең мәнділігіне қол жеткізу мақсатында өзара салыстыра бағалауды жүзеге асыру мүмкіндігін береді ;

Тараптар мемлекеттерінің ұйымдарынан (кәсіпорындарынан) түсетін өздері аккредиттеген сертификаттау (сәйкестікті бағалау (растау) жөніндегі органдар мен сәйкестікті бағалау (растау) жөніндегі жұмыстарды орындайтын сынақ зертханаларына (орталықтарына) шағымдар мен талаптарды қарайды және оларға қатысты шешімдер қабылдайды.

4-бап

Осы Келісімді түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты Тараптар арасындағы даулар консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

Егер Тараптардың бірінің екінші Тарапқа жіберген консультациялар мен келіссөздер жүргізу туралы ресми жазбаша өтініші түскен күнінен бастап алты ай ішінде Тараптар дауды реттемесе, онда Тараптар арасында дауды шешу тәсіліне қатысты өзге уағдаластық болмаған кезде Тараптардың кез келгені осы дауды Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Сотына қарауға береді.

5-бап

Тараптардың уағдаластығы бойынша осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

6-бап

Осы Келісімнің күшіне ену, оған қосылу және одан шығу тәртібі 2009 жылғы 6 қазандағы Кеден одағының шарттық-құқықтық базасын қалыптастыруға бағытталған халықаралық шарттардың күшіне ену, олардан шығу және оларға қосылу тәртібі туралы хаттамамен анықталған.

Санкт-Петербург қаласында 2009 жылғы 11 желтоқсанда орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды.

Осы Келісімнің түпнұсқа данасы Кеден одағының комиссиясында сақталады, ол осы Келісімнің депозитарийі бола отырып, әрбір Тарапқа оның расталған көшірмесін жібереді.

<i>Қазақстан</i>	<i>Беларусь</i>	<i>Ресей</i>
<i>Республикасының</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Федерациясының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>